

Жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығын беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 23 тамыздағы № 185 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 67-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, жер комиссиясының 2021 жылғы 16 наурыздағы № 1 хаттамасы және "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 22 шілдедегі № KZ89VBG00879682 бұйрығымен бекітілген жерге орналастыру жобасы негізінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 49 жыл мерзімге Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Смирнов ауылдық округі Смирнов ауылының аумағында Булаев топтық су құбырының магистральдық құбыр жолының желілік бөлігін орналастыру және пайдалану үшін жалпы ауданы 22,2792 гектар жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығы берілсін.

Аталған ауданға Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Солтүстік Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Аққайың орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы ауданы 1,7139 гектар бөгде жер пайдаланушының жері кірмейді.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша) жұмыс аяқталғаннан кейін жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Қ. Ақсақалов

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің

4	табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Аққайың орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1,71										
	Орман қоры жерінің жиыны	1,71										
	Жоспар шегінде барлығы	23,99										
	Оның ішінде бөгде жер пайдаланушылар:	1,71										
	Ұсынылғаны барлығы:	22,28										

Кестенің жалғасы

Соның ішінде												Соның ішінде
Орман белдеуі	Бұта	Батпақ	Өзен	Көл	Жасанды су айдыны	Жол	Саябақ, гүлзар, бульвар	Құрылыс	Бұзылған жер	Елді мекен жері	Соның ішінде учаске шекарасындағы бөгде жер пайдаланушылар (меншік иелері)	Солтүстік қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Аққайың орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
Смирнов ауылдық округі												
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер												
Мемлекеттік заңды тұлғалар												
						0,10						
						0,10						
Мемлекеттік емес заңды тұлғалар												
						0,10						
						0,10						
						0,20						
Елді мекен жері												
										22,08		
										22,08		
Орман қорының жері												

										1,71	1,71
										1,71	1,71
						0,20				22,08	
										1,71	1,71
						0,20				22,08	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ